

Теміртау қаласы батыс аймағының сумен жабдықтау және жылумен жабдықтау объектілерін жөндеуге және қайта жаңартуға, жылу көздері үшін отын сатып алуға Қарағанды облысының бюджетін несиелендірудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 29 желтоқсан N 1763

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 қарашадағы Z010254_ Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Теміртау қаласы батыс аймағының сумен жабдықтау және жылумен жабдықтау объектілерін жөндеуге және қайта жаңартуға, жылу көздері үшін отын сатып алуға Қарағанды облысының бюджетін несиелендіру ережесі бекітілсін.

2. Қарағанды облысының әкімі:

1) 2001 жылға арналған облыстық бюджетте осы қаулының 3-тармағына сәйкес бөлінетін несиелендіру бойынша түсімді көздейтін облыстық мәслихаттың шешімін, сондай-ақ көрсетілген қаражатты пайдалану жөніндегі жергілікті бюджеттің бағдарламасын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынсын;

2) 2003 жылға арналған облыстық бюджеттің жобасын қалыптастыру кезінде осы қаулының 3-тармағына сәйкес алынған несиелендіру өтеуіне қаражат көздесін.

3. Осы қаулының 2-тармағының 1) тармақшасын орындаған жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қарағанды облысының бюджетіне Теміртау қаласы батыс аймағының сумен жабдықтау және жылумен жабдықтау объектілерін жөндеуге және қайта жаңартуға, жылу көздері үшін отын сатып алуға, осы қаулымен бекітілген ережелермен айқындалған шарттарда, 2001 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражаттан 50000000 (елу миллион) теңгесомасында несиелендіру бөлісін.

4. Қарағанды облысының әкімі осы қаулының 3-тармағына сәйкес алынған

несиелендіру республикалық бюджетке 2003 жылғы 1 наурызға дейін өтеуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулы 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1763 қаулысымен
бекітілген

Теміртау қаласы батыс аймағының сумен жабдықтау және жылумен жабдықтау объектілерін жөндеуге және қайта жаңартуға, жылу көздері үшін отын сатып алуға Қарағанды облысының бюджетін несиелендіру ережесі

1. Осы ереже "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Z000131_ Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 қарашадағы Z010254_ заңында көзделген 217 "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі" әкімшісінің 88 "Теміртау қаласы батыс аймағының сумен жабдықтау және жылумен жабдықтау объектілерін жөндеуге және қайта жаңартуға, жылу көздері үшін отын сатып алуға Қарағанды облысының бюджетін несиелендіру" бюджеттік бағдарламасы бойынша 50000000 (елу миллион) теңге сомасында несие (бұдан әрі - Несие) беру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. 50000000 (елу миллион) теңге сомасындағы несие Қарағанды облысының бюджетіне Теміртау қаласы батыс аймағының сумен жабдықтау және жылумен жабдықтау объектілерін жөндеуге және қайта жаңартуға, жылу көздеріне арналған отын сатып алу үшін 2003 жылғы 1 наурызға дейін қайтару мерзімімен бөлінеді.

3. Қарағанды облысының әкімияты бөлінген Несиенің мақсатты пайдаланылуын және оның республикалық бюджетке уақытылы қайтарылуын қамтамасыз етеді.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қарағанды облысының әкімиятымен тиісті Несие келісімін жасасады.

5. 88 "Теміртау қаласы батыс аймағының сумен жабдықтау және жылумен жабдықтау объектілерін жөндеуге және қайта жаңартуға, жылу көздері үшін отын сатып алуға Қарағанды облысының бюджетін несиелендіру" бюджеттік бағдарламасы бойынша қаражаттың есебінен Қарағанды облысының бюджетіне несие бөлуді 601601 "Республикалық бюджеттен несиелер" кодына Қарағанды облысының облыстық бюджетінің кіріс шотына көрсетілген қаражатты аудару жолымен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

6. Қарағанды облысының әкімияты 2003 жылға арналған облыстық бюджетті

қалыптастырған кезде Несиені республикалық бюджетке 2003 жылғы 1 наурызға дейін
ө т е у д і к ө з д е й д і .

7. Несие белгіленген мерзімде қайтарылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өтелмеген борыштың сомасын есептен шығаруды жүзеге асыру үшін Қарағанды облысының облыстық бюджетінің ағымдағы шоттары бойынша барлық шығыс операцияларын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі айқындаған тәртіппен тоқтата тұрады.

8. Несиенің мақсатты пайдаланылуын және республикалық бюджетке уақытылы қайтарылуын бақылауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

9. Несиенің мақсатсыз пайдаланылғаны анықталған жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен санкциялар қолданылады.

10. Несиені республикалық бюджетке қайтаруды осы ереженің 2-тармағында белгіленген мерзімде Қарағанды облысының әкімияты жүргізеді.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.